

**ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР /
СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ /
SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

АНТИЛОГИЗМДЕРДІҢ СИНТАКСИСТІК ҚҰРЫЛЫМЫ

Байболат Л.Б.,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті Филология факультеті,
Практикалық қазақ тілі кафедрасы, Нұр-Сұлтан қаласы

Lbaybolat@mail.ru

Түйіндеме

Ғылым өркендеген сайын логика мен грамматиканың өзара байланысы қарапайымдылықтан алыстап, неғұрлым терең сипатқа ие болды. Ол зерттеулер логикалық және грамматикалық категориялардың *сыйысушылық, қайшылық және келіспеушілік* мәселесі түрінде ғана емес, тіл құрылымының теориясын жасайтын мазмұн мен оның тілдегі көрінісі арасындағы қатынас мәселесі түрінде де көрінеді. Атап айтқанда, тіл теориясын жасайтын мазмұн мен оның тілдік көрінісі мәтіндерде айқын көрінеді.

Түйінді сөздер: Мәтін, қазақ тілі, категория, антилогизм, құрылым.

СИНТАКСИЧЕСКАЯ СТРУКТУРА АНТИЛОГИЗМА

Байболат Л.Б.,

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, филологический факультет, кафедра практического казахского языка, г. Нур-Султан

Lbaybolat@mail.ru

Аннотация

По мере развития науки взаимосвязь между логикой и грамматикой сместилась с простоты на более глубокую. Эти исследования проявляются не только в форме проблем совместимости, противоречий и разногласий между логическими и грамматическими категориями, но и в форме взаимосвязи между содержанием, формирующим теорию строения языка, и его проявлением в языке. В частности, в текстах четко просматривается содержание теории языка и его языковые проявления.

В этой статье анализируется синтаксическая структура антилогизмов в тексте.

Ключевые слова: Текст, казахский язык, категория, антилогизм структура.

SYNTAXIC STRUCTURE OF ANTILOGISM

Baybolat L.B.,

L.N. Gumilev atyndagy Eurasia Ulttyk University Philology faculties, Practical faculties Kazakh tili departments, Nur-Sultan kalasy

Lbaybolat@mail.ru

Annotation

As science developed, the relationship between logic and grammar shifted from simplicity to deeper. These studies are manifested not only in the form of compatibility problems, contradictions and disagreements between logical and grammatical categories, but also in the form of the relationship between the content that forms the theory of the

structure of the language and its manifestation in the language. In particular, the texts clearly show the content of the theory of language and its linguistic manifestations.

This article analyzes the syntactic structure of antilogisms in the text.

Key words: Text, Kazakh language, category, antilogism, structure.

Мәтіннің мағынасы мен оның өзінің арасындағы сәйкестіктің ашық көрінетін сипаттамасы лингвистикада бұрыннан-ақ таныла бастаған-ды. Л.Блумфильд: «Тілді үйрену дегеніміз – белгілі бір дыбысталу мен белгілі бір мағынаның ара қатынасын оқып-үйрену», - деген болатын. Мәтін мен оның арасындағы қатынасты формальды түрде сипаттау тек XX ғасырдың 50-жылдарының аяғында, автоматты түрде аударма жасауды зерттеген кезде басталды. (М.Мастерман, Н.Н.Леонтьева). Адам ойының тілдегі көрінісі жеке сөздердің, сөз тіркестері мен сөйлемдердің, сонымен қатар тұтастай мәтін мазмұнынан да көрінеді. Мысалы, *Тақта алтынга малып алғандай сап-сары ала шапан киіп, етекпен тәжім етіп кірген әр кісіге жеке-жеке басын иіп, қапсағай, кәрі шал отыр. Астындағы тағы, үстіндегі шапаны, қақ маңдайындағы көзді ұялта ұшқын шапқан қып-қызыл лағыл тасы бәрі жарқырап, жалтырап тұр. Бірақ жүзі сондай сынық, сондай жабырқау* (Ө.Кекілбайұлы). Бұл мәтінде тақта отырған кәрі шалдың салтанаты қанша жарқырап, жарасып отырғанымен көңілінде кірбің бары салыстырыла, қарсы қойыла айтылып тұр.

Мәтін – жүйелі, байланысты, тұтас, тиянақты қалыптасқан және т.б. мағыналық жақтан өзара байланысқан сөйлемдердің бірізділігі және коммуникацияға тән сөйлемелік бірізділік [1, 375]. Мәтін термині педагогикаға да, тіл біліміне де, әдебиеттануға да тән. Тілдік тұрғыдан алғанда, ол – күрделі тілдік таңба. Бұл мәселе өткен ғасырдан бастап зерттеліп келеді. 60-жылдардан бастап мағына мен мәтіннің арасындағы қатынас әлем лингвистерінің назарын өзіне аударды (Н.Хомский және оның мектебі). 70-жылдарда сөйлем семантикасын зерттеу, логиканың лингвистикаға әсер етуіне орай, шарықтап көтерілді, бұл жағдайда семантика тіл бірліктерін талдауда әрдайым басты орын алатын болды. Мәтін сөйленім түрі ретінде танылғаннан бастап «мәтін лингвистикасы» деген ғылыми бағыт пайда болды. Қазіргі қазақ тілінде А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбановтың еңбектерінен бастап қазақ тіл білімінде зерттеу нысанына айналған мәтін лингвистикасы соңғы жылдары да ғалымдар назарынан тыс қалған емес. Логика ғылымы мен грамматиканың арасындағы осындай тығыз байланыс мәтінге лингвистикалық талдау жасаған Р.Сыздық, Б.Шалабай, Х.Кәрімовтардың еңбектерінен көрінеді.

Ал, мәтіннің құрылымы және лексика-семантикалық ерекшеліктері жайлы зерттеулер И.Гальперин, А.Романовтардың еңбектерінде жасалған. Сол сияқты төл тілімізде де осы саладағы М. Серғалиев пен Б. Мүсірепованың бірігіп жазған «Күрделі синтаксистік тұтастық», Ж. Жақыповтың «Қазақ тілінің функционалдық синтаксисі» (мәнмәтін проблемасы), С.Мустафинаның «Қазақ тіліндегі мәтінтүзуші құралдар», С. Құнанбаеваның «Қазақ көркем мәтініндегі темпоралды қатынастар», З. Базарбаеваның «Қазақ тілінің интонациялық жүйесі» деген зерттеу еңбектерін атап кеткен жөн. Осы жерде Ф.Оразбаеваның «Тілдік қатынас негіздері» еңбегінің де мәтінді қатысымдық тұлғалар тұрғысынан зерттеп, тілдің оқытылуындағы оның рөліне тоқталып өткендігін көрсеткен дұрыс. Қазір көптеген зерттеушілер мәтін мен күрделі синтаксистік тұтастықтарды бір деп жүр. Біздің ойымызша, күрделі синтаксистік тұтастықтар – мәтіннің құрылымдық бірлігі.

Оны профессор Ж.Жақыпов «микротекст» деп атайды [2, 25]. Ал Ғ.Қалиев құрастырған «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде»: «Күрделі

синтаксистік бірлік – негізгі ойдың төңірегінде топтасып, тұлғалық және құрылымдық жағынан бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста жұмсалатын дербес сөйлемдер жиынтығы» деп көрсетсе [3, 171-172], Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілді дамыту бағдарламасы бойынша шығарылған «Қазақ грамматикасында»: «Күрделі синтаксистік тұтастық – жеке сөйлемдерге қарағанда, ойдың дамуын неғұрлым толық бере алатын, мағыналық және синтаксистік жағынан өзара тығыз байланысқан сөйлемдердің тобы» деп берілген [4, 735]. Осы жерден мәтіннің көлемін анықтау керектігі туралы мәселе келіп шығады. Сондықтан да қазіргі тіл білімінде мәтінді көлеміне қарай кең мағынадағы мәтін (макротекст) және тар мағынадағы мәтін (микротекст) деп бөлу кездеседі. Бұл жердегі микротекст деп отырғаны бізге белгілі, ол – күрделі синтаксистік тұтастық. М.Серғалиев «күрделі синтаксистік тұтастықты белгілі бір мәтіннің кішігірім темасы» деп те атайды [5, 313].

Біз қарастырған мысалдардағы мәтіндер көп жағдайда осы тар мағынадағы күрделі синтаксистік тұтастықтар. Өйткені бұл жерде біз мәтіндердегі қарама-қарсылық қатынастардың берілуін түсіндіріп кетуді ғана мақсат еттік. Мәтін лингвистикасы – түбегейлі зерттеуді күтіп тұрған мәселе.

Академик М.Серғалиев: «Синтаксис мәселелері» атты монографиясында «Лингвистикалық әдебиетте мағыналық және синтаксистік жағынан біріккен сөйлем топтарын күрделі синтаксистік тұтастық деп атаушылық бар. Күрделі синтаксистік тұтастық – жеке сөйлемдерге қарағанда, ойдың дамуын неғұрлым толық бере алатын, мағыналық және синтаксистік жағынан өзара тығыз байланысқан сөйлемдер тобы. Сөйлем сөздердің тіркесуі арқылы біршама аяқталған ойды білдірсе, күрделі синтаксистік тұтастық сөйлемдердің тіркесуі арқылы аяқталған ойды білдіреді», - дей келіп, күрделі синтаксистік тұтастықтың ой бірлігімен ғана сипатталып қоймай, оның сол ойдың аяқталуымен де сипатталатындығына, мағыналық жағынан аяқталғандық, сөйлемге қарағанда, мұнда басым сезілетіндігіне, жеке сөйлемдердің мағыналық жағынан аяқталмаған конструкция екендігіне тоқталған [5, 312].

«Адам өз ойын әрқашан бір сөйлеммен ғана жеткізе алмайды. Сондықтан ол мәтін кеңшілігін пайдаланады, ал мәтін, негізінен, бірнеше айтылыс-сөйлемдерден тұрады, ол сөйлемдер бір-бірімен құрылымдық, мағыналық іліктестікте болмаса, коммуникативтік әрекет мақсатына жете алмайды» дейді зерттеулерінде профессор Ж.А.Жақыпов [2, 46].

Ойды жеткізуде жағдаяттың орны ерекше. Егер жағдаяттарды мазмұндық түрлеріне қарай жіктесек, ең алдымен хабарлау формасы қарастырылу керек.

Жағдаяттық компонент - семантикалық түсініктің хабар мен сөйлеу актісіне қатысты кейбір сыртқы жағдаятты бейнелейтін бөлігі болса, оның тілдік көрінісінің ең негізгі бірлігі – сөйлем. **Дейктикалық** не **актілік-сөйлеу компоненті** айтылымның жағдаяттық мазмұны мен сол жағдаятқа қатысушылардың барлығына да қатысты қабылданатын сөйлеу актілері нүктелерімен арақатынасын белгілейді. Сондықтан да күрделі коммуникативтік жағдаят барысындағы сөйлеу актісінде сөйлеуші хабардың жалпы мәнін тірек етіп отырады, ал сол мән сөйлеушілер сөзінде, негізінен, дейксистер арқылы (жіктеу есімдіктері, демеуліктер, мезгіл үстеулері т.с.с арқылы) заттанады немесе деректенеді. **Коммуникативтік «қаттаушы» компонент** әр нақты айтылымды дискурс бөлігі ретінде қарап, оның тұтас дискурспен арақатынасын белгілейді. Ол сөйлеушінің «мәндік тапсырмасын» орындаудағы стратегиясының заттануын анықтайды. Коммуникативтік компонент хабарды түзуде оны алдыңғы мәтінмен сәйкестендіріп қана қоймайды, сонымен бірге тыңдаушының қабылдауына ыңғайлап та үлгереді. Бұл компонент бірліктері:

тема-рема, ескі/жаңа ақпарат, топик, эмпатия, түрлі анафоралық айтылымдар, коммуникативтік ақпарат тасымалдаушылары, яғни интонация мен сөздердің орын тәртібі т.б. **Референциялы компонент** хабарлама (реляциялы) болып табылады, оның қызметі – шындықты бейнелеген мәтін элементтерінің арақатысын ашу, теңдестіру, айтылым формасын өзектілендіру. Сөйлемнің құрылымдық негізін қалыптастыруда етістік семантикасы айырықша орын алады.

Мәтін – сөйлеу процесінің жемісі. Ол тілді жүйелі қолданудың барысында ғана пайда болады. Сөйлеу процесі сырт қарағанда игерілмеген құбылыс сияқты болып көрінгенмен, шындығында тіл жүйесі оған әсерін тигізіп отырады.

Мәтін – жазудың шығуымен байланысты қалыптасып жетілген және әрі қарай дамып отыратын тілдік құрылым. Мәтіннің маңызды белгілерінің бірі – оның аяқталғандығы. Мәтіннің тақырыбы әр алуан болады. Көбінесе ол міндетті мәтіннің бірінші сөйлемі атқарады. Мәтіннің негізгі категорияларына хабарлау, қосымша хабар (подтекст), біртұтас уақыт бірлігі, модальдық жатады. Мәтін тілдік иерархиялық құрылымындағы ең жоғарғы деңгей бірлігі саналады.

Осыған байланысты Р.Әміров былай дейді: «Сөйлем мүшелерінің орын тәртібінің өзгеруі сөйлемнің ой екпінін түсіру (актуализация) мақсатына байланысты. Актуализация сөйлеу үстінде көп ескерілуін талап ететін болғандықтан, оны жүзеге асырудың тұрақты тілдік амалдары қалыптасқан. Солардың бір амалы – сөйлемнің белгілі позициясы. Актуализация тұрғысынан көзге түсетін екі позиция бар: бірі – ой екпінін түсіретін актуалды позиция, екіншісі елеусіз мүшені қоятын қалтарыс позиция. Қазақ тілінің сөйлем жүйесінде баяндауыштың алдыңғы түбі актуалды позиция болып танылады» [6, 90]. Әрбір функционалды-семантикалық өріс белгілі бір грамматикалық категорияның шеңберіне сыймайтын құрылымдық-семантикалық тұтастық ретінде көрінеді. Мұнда формалды-семантикалық тұтастықтың тілдік сипатын толықтай ашуда, жоғарыда сөз болған «ұғымдық категория» теориясына сүйенуге тура келеді. Ұғымдық категория (ұғымдық өріс) сөйленімнің мәні, сөйлеудің мазмұны сияқты ойлау (ұғымдық, мәндік) бірліктеріне қатысты болады. Бірақ ұғымдық категория әр түрлі тіл деңгейіндегі құралдармен тілдің өзінде көрініс беретіндіктен тілдік категория ретінде ұғынылады. ФСӨ-тің негізгі сипатының бірі – оны білдіретін тілдік құралдардың әр деңгейлігі мен семантикалық функцияның ортақтығы.

Мәтін мазмұн тұтастығы мен ой тиянақтылығы жағынан бүтіндік сипатымен ерекшеленеді. Ал құрылымдық тұрғыда ол бір сөйлем немесе өзара мағыналық жағынан бір-біріне тәуелді бірнеше сөйлемдер тізбегінен тұрады. Мәтін деңгейінде карама-қарсылық ашық және жасырын көрінуі мүмкін, сондай-ақ оның семантикасы **парцелляцияланған сөйлемдер** арқылы да беріледі. Кез келген синтаксистік құрылым коммуникативтік талапты өтеуге бейімделіп құралады. Коммуникативтік талаптар сөйлемнің үнемді және эмоциялы, сондай-ақ актуалды құрылуын қажет етеді. Коммуникативтік жағдайлар синтаксистік бірлік – сөйлемнің құрылымына әсер етеді. Сөйлеудің үнемділік пен актуалдылық талабы сөйлемдерде түрліше көрінеді. Осындай көріністердің бірі сөйлемнің мағыналық-интонациялық жағынан тұтастықта айтыла отырып, құрылымдық жағынан бөлшектенуіне негізделетін түрі – парцелляцияланған сөйлемдер.

Сөйлемді мағыналық-интонациялық жағынан тығыз байланысты бөліктерге бөліну дәстүрі – ауызекі сөйлеуге тән құбылыс. Ауызекі сөйлеу тілі мен жазба әдеби тіл қашан да бір-біріне әсерін тигізе отырып дамиды. Сондықтан ауызекі сөйлеуге тән ойдың айтуға жеңіл және түсінікті болу үшін ықшамды етіп құрылуы, күрделі ойды білдіретін сөйлемдердің мағыналық-интонациялық тұтастығын сақтай отырып

сегменттелуі, айтар ойдың дайындықсыз, емін-еркін сөйлеу үстінде құрылатындықтан сөйлем компоненттерінің арасындағы байланыстың әлсіз болып келуі және нормативті грамматикалық талаптарға сай құрыла бермеуі, сөйлемдердің эмоциялық сипатының басым болуы сияқты ерекшеліктердің жазба тілден көрініс беруі заңды құбылыс болып табылады. Көркем мәтінде қарсылықты ойды көрсетудің ұтымды тәсілдерінің бірі монологта жиі кездесетіні анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Булыженкова Г.П. Коммуникативно-функциональные особенности сложноподчиненных предложений с придаточным уступительным: (на материале современ. анг. яз..) автореферат диссертаций кандидата филологических наук: М. 1989. 22 с.
2. Жақыпов Ж. Сөйлеу синтаксисінің сипаттары. – Қарағанды, 1998. – 159.
3. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. –440 бет.
4. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
5. Серғалиев М. Синтаксис мәселелері: Монография. - Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ., 2006. – 411.
6. Әмір Р. Жай сөйлем. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 бет.